

Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1504 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 773 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 773 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 67 бұйрығын қараңыз.

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 1504 қаулысымен
бекітілген

Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурстарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, телефон байланысы қызметтерін және нөмірлеу ресурсын пайдалана отырып қамтамасыз етілетін қызметтерді көрсетуге арналған халықаралық байланыс желілерінің қазақстандық сегменттерін бөлу және пайдалану тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурстарын реттеу нөмірлеу ресурстарын бөлуді және олардың пайдалануын бақылауды қамтитын ерекше функциясы болып табылады.

Мемлекеттік реттеу байланыс операторларының, қызметтер провайдерлерінің және желі иелерінің, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың оларға нөмірлеу ресурсын тағайындау бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында:

1) байланыс қызметтерін ұсыну немесе басқарушылық мақсаттардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

2) шұғыл және анықтамалық-ақпараттық, тапсырыс беру қызметтеріне қол жеткізуді ұйымдастыру;

3) телефондық нөмірлеу ресурстарын пайдаланатын телекоммуникациялар желілерін ұтымды дамыту мен өзара іс-қимыл жасауы;

4) байланыстың жаңа қызметтерін енгізу үшін жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ABC коды – географиялық нөмірлеу аймағының телекоммуникациялық желісін не оның бір бөлігін сәйкестендіретін код;

2) DEF коды – географиялық емес нөмірлеу аймағының интеллектуалды байланыс желісінің қызметін немесе телекоммуникациялық желіні сәйкестендіретін код;

3) «X₁» индексі – географиялық тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймағы абонентінің аймақтық телефон нөмірінің миллиондық нөмірлер тобының коды;

4) «X₁X₂» индексі – географиялық тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймағы абонентінің аймақтық телефон нөмірінің жүз мыңдық нөмірлер тобының коды;

5) «X₁X₂X₃» индексі – географиялық тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймағы абонентінің аймақтық телефон нөмірінің он мыңдық нөмірлер тобының коды;

6) желінің нөмірлеу сыйымдылығы – телекоммуникациялар желісінің ақырғы пайдаланушылық жабдығын сәйкестендіретін нөмірлер саны;

7) желіні нөмірлеудің жоспарланатын сыйымдылығы – белгілі бір кезеңге

желіні дамыту кезінде байланыс операторы қол жеткізуді жоспарлайтын телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу сыйымдылығы;

8) желіні нөмірлеудің қолданыстағы сыйымдылығы – желіде жалғанған барлық ақырғы (пайдаланушылық) жабдықтарды сәйкестендіретін нөмірлерді, сонымен қоса бақылауда және қызметтік мақсаттарда қолданылатын нөмірлерді, сондай-ақ оларға қызмет көрсеткені үшін абоненттік төлем алынатын, пайдаланушы броньдаған нөмірлерді есепке алатын желіні нөмірлеудің сыйымдылығы ;

9) желіні нөмірлеудің ең жоғарғы ықтимал сыйымдылығы – желіде қабылданған нөмірлеудің мәнділігі шеңберінде желіні нөмірлеудің ең жоғарғы сыйымдылығы ;

10) интеллектуалды желі – деректерді беруді және өңдеуді бірлестіретін коммуникациялық желі ;

11) қолжетімді нөмірлеу ресурсы – қолдануға техникалық мүмкіндік бар нөмірлеудің бос ресурсы ;

12) қызмет провайдері – меншікті байланыс инфрақұрылымы жоқ және пайдаланушыларға байланыс операторларының желілері арқылы телекоммуникация қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

13) қызмет абонентінің логикалық нөмірі – $X_1...X_n$ интеллектуалды байланыс желісі қызметтері абоненті нөмірінің тікелей қызмет абонентін сәйкестендіретін бөлігі ;

14) нөмірдің «көшуі» (nomadicity) – тіркелген телефон байланысы желісіндегі пайдаланушының өзінің желілік қолжетімділік нүктесін ауыстыру қабілеті;

15) нөмірлеу ресурсын алушы – байланыс операторы, қызмет провайдері, ведомстволық телекоммуникациялар желісінің, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желісінің, корпоративті желінің иесі, сонымен қатар қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сәйкес бөлінген нөмірлеу ресурсын қолданатын жеке және заңды тұлғалар ;

16) белгіленген аумақта немесе DEF кодымен нөмірлеу аймағында нөмірлеу ресурсының шектелуі – белгіленген аумақта немесе DEF кодымен нөмірлеу аймағында жұмыс істейтін телекоммуникациялар желісінің жағдайы, бұл ретте барлық байланыс операторларына бөлінген және байланыс операторларының өтініші бойынша сұралатын нөмірлеу ресурсы қолжетімді мөлшерден 90 пайыз жоғары ;

17) өтініш беруші – нөмірлеу ресурсын бөлу немесе алып қою туралы өтініш жасаған жеке немесе заңды тұлға ;

18) префикс – нөмірдің, желілердің, қызметтердің, байланыс

операторларының түрлі тұрпаттарын таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бір саннан немесе одан көп белгілерден тұратын индикатор;

19) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен .

4. Телекоммуникациялар желілері үшін нөмірлеу ресурсын бөлу байланыс қызметтерін көрсету саласындағы қызметті іске асыру лицензиясына ие, ведомстволық корпоративті желілердің және арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желілерінің иелерін, байланыс операторларының, қызмет провайдерлерінің өтініші, сондай-ақ қызмет көрсету кезінде шұғыл және анықтамалық-ақпараттық, тапсырыс беру қызметтеріне қолжетімділік нөмірлерін ұйымдастыру үшін нөмірлеу ресурсын қолданатын жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Телефондық байланыс қызметтерін және телефондық нөмірлеуді пайдалану арқылы қамтамасыз етілетін қызметтерді көрсетуге арналған Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсына (бұдан әрі – нөмірлеу ресурсы):

1) жалпы пайдаланылатын телекоммуникациялар желісінің географиялық анықталатын нөмірлеу аймақтарының «ABC» кодтары;

2) нөмірлеудің географиялық анықталатын аймағында жергілікті телекоммуникациялар желілерінің «X₁», «X₁X₂» және «X₁X₂X₃» индекстері;

3) ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілерінің, соның ішінде ұялы байланыс желілерінің, жылжымалы радиотелефон байланысы желілерінің, транкингітік байланыс желілерінің, жылжымалы жерсеріктік байланыс желілерінің географиялық емес тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймақтарының «D E F» кодтары;

4) ведомстволық телекоммуникациялар желілерінің, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желілерінің, корпоративті желілердің географиялық емес тұрғыда белгіленетін анықталатын нөмірлеу аймақтарының «DEF» кодтары;

5) байланыс операторлары өзінің абоненттеріне – желі учаскелерінің әр түрлі әкімшілік аумақтарына бөлінген біріктіруді талап ететін қосымша қызметтерді заңды тұлғаларға ұсыну үшін тіркелген телефон байланысы желілерінің географиялық емес тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймақтарының «DEF» кодтары мен «DEF» кодындағы «X₁», «X₁X₂» индекстері;

6) абоненттерді нөмірдің «көшу» (nomadicity) функциясымен қамтамасыз ететін, тіркелген телефонды байланыс желілерінің географиялық емес анықталатын нөмірлеу аймағының «DEF» кодтары мен «DEF» кодындағы «X₁»,

« X₁ X₂ »

индекстері ;

7) ведомстволық, корпоративті және нөмірлеудің сыйымдылығы 100 мың нөмірден аспайтын, басқа географиялық бөлінген телекоммуникациялар желілерінің географиялық емес анықталатын нөмірлеу аймағының «DEF» кодындағы «X₁», «X₁X₂» индекстері;

8) қызметтерге қолжетімділік кодтары: қалааралық және (немесе) халықаралық телефондық қосылуларды ұсыну үшін IP-телефония (Интернет-телефония);

Интернет желісіне қолжетімділік; байланыстың интеллектуалды желілері;

қалааралық және (немесе) халықаралық желінің коммутациялық станциясы техникалық қызметкерлерінің бақылау-сынақ жабдықтарына қолжетімділік;

9) қызметтерге қолжетімділік кодтарын пайдаланумен байланыс қызметтерін ұсынатын (X₁X₂X₃)/(X₁X₂X₃X₄) операторлар кодтары;

10) «1UV (X₁(X₂))» шұғыл жедел, ақпараттық-анықтамалық және тапсырыс беру қызметтеріне қолжетімділік нөмірлері;

11) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларын таңдау префикстері ;

12) «ABC» кодымен нөмірлеудің географиялық белгіленетін аймағындағы жергілікті телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсы;

13) қызметтерге қолжетімділік кодтарын пайдаланумен (X₄X₅X₆X₇)/(X₅X₆X₇) қызметтер абоненттерінің логикалық нөмірлері кіреді.

6. Телефондық нөмірлеу ресурсы Қазақстан Республикасының ұлттық ресурсының бір бөлігі ретінде иелікке алынбайтын болып табылады (сатуға, жалға беруге болмайды, кәсіпорынды қайта ұйымдастырудың немесе таратудың нәтижесінде құқықтық мирасқорға берілмейді);

1) байланыс операторына нөмірлеу ресурсы телекоммуникациялар қызметін көрсету үшін желі абоненттеріне нөмірлерді бөлу немесе қызметке қолжетімділікті ұйымдастыру арқылы пайдалануға бөлінеді;

2) бір байланыс операторының нөмірлеу ресурсын қызметтерді көрсету мақсатында пайдалану үшін басқаға беруіне жол берілмейді.

7. Уәкілетті орган нөмірлеу ресурсын есепке алу бойынша жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының бөліп берілген және резервтелген нөмірлеу ресурстарының бірыңғай тізілімін қалыптастырады және жүргізеді.

Т і з і л і м м ы н а л а р д ы :

1) Қазақстан Республикасы телекоммуникациялар желілерінің нөмірлеу ж о с п а р ы н ;

2) Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесін;
3) Қазақстан Республикасы нөмірлеу жүйесінің бөлінген нөмірлеу ресурстар туралы мәліметтерін;

4) мыналарды:
заңды тұлға үшін – атауын (фирмалық атауы), ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын, заңды тұлғаның орналасқан жерін;
жеке кәсіпкер үшін – тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін, жеке басты куәландыратын құжаттарының деректерін;
бөлінген нөмірлеу ресурсының көлемін;

бөлінген нөмірлеу ресурсын пайдалану аумағы туралы ақпаратты қамтитын нөмірлеу ресурсын бөлу, өзгерту туралы шешім қабылданғаны немесе нөмірлеу ресурсын бөлу немесе шешімнің қайта ресімделгені туралы шешім қабылдаған, байланыс операторлары, қызмет провайдерлері, ведомстволық, корпоративті желілерінің, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желілерінің иелері туралы мәліметтерді;

5) нөмірлеу ресурсын бөлу (өзгерту, толық немесе ішінара алу) туралы шешімнің берілген күні және тіркеу нөмірі, нөмірлеу ресурсын бөлу туралы шешімнің қайта ресімделген күнін қамтиды.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген, тізілімде қамтылған ақпарат, арнайы тағайындалған желілердің иелері туралы ақпаратты қоспағанда, тоқсан сайын деректері жаңартылып, жариялануға (уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыруға) тиіс.

Нөмірлеу ресурсын алған байланыс операторлары, қызметтер провайдерлері және желілердің иелері, олар анықтайтын нөмірлеу жоспарына сәйкес алынған нөмірлеу ресурсын қызмет көрсетілетін аумақ бойынша немесе байланыс қызметтері бойынша бөледі.

Белгіленген нөмірлеу жоспарының көшірмесі және пайдаланылатын (қолданыстағы) нөмірлеу туралы мәліметтерді байланыс операторлары, желілердің иелері, қызметтер провайдерлері жыл сайын 30 қаңтардан кешіктірмей уәкілетті органға Қазақстан Республикасының нөмірлеу жоспарына қосу үшін ұсынады.

9. Нөмірлеу ресурсын бөлу мен нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою уәкілетті орган құратын нөмірлеу ресурсын бөлу комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) хаттамалық шешімімен жүзеге асырылады. Комиссияның құрамын және оның жұмыс тәртібін уәкілетті органның басшысы бекітеді.

Нөмірлеу ресурсын бөлу, сондай-ақ оларды алып қою туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен расталады.

2. Нөмірлеу ресурсын бөлу

10. Абоненттерді нөмірдің «көшу» (nomadicity) функциясымен қамтамасыз ететін тіркелген телефондық байланыс желілерінің географиялық емес тұрғыда белгіленетін нөмірлеу аймақтарының «ABC» кодтары, «DEF» кодтары, қызметтерге қолжетімділік кодтарының нақты алушысы жоқ және олар Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сәйкес уәкілетті органмен белгілі бір аумаққа немесе телекоммуникациялар қызметінің түріне б е к і т і л е д і .

Нөмірлеудің бір географиялық белгіленетін аймағының нөмірлеу ресурстарын басқа географиялық анықталатын аймақта пайдалануға рұқсат е т і л м е й д і .

Нөмірлеудің географиялық тұрғыда белгіленетін анықталатын аймағының нөмірлеу ресурсы осы аймақта жұмыс істейтін тіркелген байланыс желілерінің операторлары үшін ортақ болып табылады.

11. Уәкілетті орган «ABC» кодымен нөмірлеудің географиялық белгіленетін аймағында жергілікті телекоммуникациялар желілерінің « X_1X_2 », « $X_1X_2X_3$ » индекстерін жоспарлау мен бөлуді, олардың ауыстырылуын немесе резервке қоюды нөмірлеудің әр географиялық белгіленетін аймақтың қолданыстағы нөмірлеу жоспарларына сәйкес іске асырады.

12. Байланыс операторына нөмірлеудің географиялық анықталатын аймақтың аумағында (үстеме желі) орналасқан бірнеше жергілікті желілерді сәйкестендіру үшін осы аймақтың «ABC» коды ресурсынан бос « X_1X_2 » индексі бөлінуі мүмкін.

« X_1X_2 » индексі байланыс операторына нөмірлеудің географиялық белгіленетін аймағының аумағында байланыс операторы жергілікті желілерінің қосынды жоспарланған сыйымдылығы 15 мыңнан кем емес нөмір құрағанда, ал нөмірлеу ресурсын алу өтінішін берген уақыттағы байланыс операторының қолданыстағы жергілікті желілерінің сыйымдылығы – жоспарланғаннан 50 пайыздан кем емес құрайтын жағдайда ғана бөлінеді.

Нөмірлеудің географиялық тұрғыда белгіленетін аймағында байланыс операторының жергілікті желілерінің қосынды сыйымдылығы ең жоғары мүмкін болатын нөмірлеудің 90 пайызына дейін (72 мың нөмір) жоғарылаған жағдайда байланыс операторына бір индекстен көп « X_1X_2 » бөлінеді.

13. «ABC» кодымен нөмірлеудің географиялық тұрғыда белгіленетін аймағындағы жергілікті телекоммуникациялар желілерінің нөмірлеу ресурсы телекоммуникациялар желілерінің нөмірлеу ресурстарын бөлуге арналған өтініште көрсетілген көлемнің 50 пайыздай мөлшерінде бөлінеді. Нөмірлеу ресурсының 50 пайыз мөлшеріндегі қалған бөлігі нөмірлеу ресурсын алушыға

резервке беріледі және бөлінген ресурстың қолданыста болу шегі бойынша
ресурс алушы пайдаланады.

14. Егер нақты аумақта барлық байланыс операторларына бөлінген және нөмірлеу ресурсын бөлуге арналған байланыс операторлары өтініштері бойынша сұралатын жергілікті телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсы қолжетерлік ресурстан 90 пайызға жоғары болса, онда Комиссияның хаттамалық шешімімен ресурсқа шектеудің болғандығы тіркеледі.

Ресурстың шектеулілігі туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында Комиссияның хаттамалық шешіміне қол қойылған күнінен бастап 10 жұмыс күн ішінде жарияланады.

Уәкілетті орган жергілікті желінің нөмірлеу ресурсын ұлғайту бойынша мынадай шаралар қабылдайды:

1) нөмірлеу ресурсын қайта бөлу арқылы (талдау жүргізу және нөмірлеу ресурсын алушымен бөлінген мерзімнен бастап екі жыл ішінде 50 пайыздан астам бөлінген жергілікті телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсынан пайдаланбағанын анықтау);

2) Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сәйкес жергілікті желіде абоненттің 5 таңбалы нөмірінен 6 таңбалыға, жергілікті желіде абоненттің 6 таңбалы нөмірінен 7 таңбалыға ауыстыру жолы арқылы.

15. Ұялы байланыс, ұтқыр телекоммуникациялық байланыс (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефон байланысы және транкингтік байланыс), жылжымалы жерсеріктік байланыс желілеріне Қазақстан Республикасының барлық аумағында (республикалық желілер) қызметтер ұсынған жағдайда берілген лицензияның негізінде нөмірлеудің географиялық емес анықталатын аймағының «DEF» кодтары бөлінеді:

1) желі сыйымдылығының ең жоғарғы мүмкіндігінен 90 пайызға дейін жоғарылаған жағдайда, осы желіге жаңа DEF коды бөлінеді;

2) өңірлік ұялы байланыс желілеріне, бөлек елді мекендер аумағында жұмыс істейтін ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілеріне (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефон және транкингтік байланыс желілеріне) нөмірлеудің географиялық анықталатын аймағының шегінде осы географиялық анықталатын аймағының нөмірлеу ресурсы бөлінеді.

16. Егер өтініш беруші желі учаскелерін (фрагменттерін) бір нөмірлеу кодымен біріктірген жағдайда басқарушылық және өндірістік қызметтің тиімділігін едәуір жоғарылайтындығын дәлелдейтін негіздеулер келтіретін болса, ведомстволық, корпоративтік желілерге және арнайы тағайындалған байланыс желілеріне «DEF» кодтары бөлінеді.

Ведомстволық және корпоративтік желілерге «DEF=767» кодындағы «X₁X₂»

индексі, желінің қосынды сыйымдылығы кем дегенде 100 мың нөмір болған жағдайда ғана бөлінеді.

Заңды тұлғаларға нақты нөмірлеудің географиялық анықталатын аймағына байланбаған, ведомстволық және корпоративтік желілерді ұйымдастыру қызметтерін ұсынатын тіркелген байланыс операторына «DEF» коды немесе «DEF=767» («DEFX₁X₂») кодындағы индекс бөлінеді.

Ведомстволық және корпоративтік желілерге «DEF»/«DEFX₁X₂» кодтарын бөлумен қатар, желілерді пайдаланушыларға қолайлылықты қамтамасыз ету мақсатында «ABC» кодымен нөмірлеу аймағында жергілікті желілердің нөмірлеу ресурсын тағайындауға рұқсат етіледі.

17. «DEF» кодтарын немесе «DEF» кодтарындағы «X₁X₂» индекстерін, жергілікті телекоммуникациялар желілерінің «ABC» кодтарындағы «X₁X₂», «X₁X₂X₃» индекстерін алған байланыс операторлары және желілер иелері бұдан әрі нөмірлеу ресурсын бөлуді өздері әзірлейтін нақты желілердің нөмірлеу жоспарларына сәйкес дербес іске асырады.

18. Бөлінген телекоммуникациялар желілерінің нөмірлеу жоспарын осы желілер операторлары дербес (желілерді, коммутациялық станцияларды идентификациялау, абонент нөмірлерінің мәнділігі) анықтайды.

Ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісі мен бөлінген желінің түйіскен жағдайда ол Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінің басқа желілер санаттарына ауысады, желінің нөмірленуі осы Қағидаларға сәйкес өзгертіледі.

19. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2008 жылғы 9 қыркүйектегі № 307 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде нөмірлеу жүйесі мен жоспарын құру ережесіне сәйкес шұғыл апаттық және ақпараттық-анықтамалық пен тапсырыс беру қызметтеріне «1UV», «1UV (X₁)», «1UV (X₁(X₂))» қолжеткізудің қысқа нөмірлерін тағайындауды жүзеге асырады.

20. Операторды таңдау префикстері «12XX» тек қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларына бөлінеді, бұл ретте байланыс операторына қалааралық, сондай-ақ халықаралық байланыс үшін пайдаланылатын тек бір префикс бөлінеді.

21. Байланыс операторына (қызмет провайдеріне) ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісі абоненттерінің деректерді беру қызметтеріне қол жеткізуін ұйымдастыру мақсатында жергілікті телефон нөмірлерін бөлуге рұқсат етіледі, оның ішінде Интернет желісіне қол жеткізу қызметінің провайдері болып табылатын жергілікті желі байланысының операторы оның жергілікті желісіне

бекітілген нөмірлеу ресурсынан жергілікті телефон нөмірін пайдаланады, сонымен қатар бұл нөмір уәкілетті органның бұйрығымен қызметтерге қолжеткізілген нөмір ретінде бекітіледі.

22. IP-телефония (Интернет-телефония) қызметін көрсету үшін уәкілетті орган тағайындаған қызметтердің қол жеткізу кодындағы нөмірін пайдаланумен қатар қалааралық және халықаралық байланыс операторларының анықтамалық-ақпараттық және тапсырыстық қызметтеріне қатынауға арналған диапазонынан «1UV ($X_1(X_2)$)» жергілікті телефон нөмірі пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар бұл нөмір уәкілетті органның бұйрығымен қызметке қолжеткізілген нөмір ретінде бекітіледі.

3. Нөмірлер бөлу, сондай-ақ оларды алып қою

23. Нөмірлеу ресурсын алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өтініш беруші ресімдеген, бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге арналған өтініш;

2) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес ресімделген түсіндірме жазба;

3) жедел іздестіру қызметін жүргізетін органдардан басқа заңды тұлға үшін – Жарғының көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі.

24. Нөмірлеу ресурсын алып қою үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес өтініш беруші ресімдеген, бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға арналған өтініш;

2) нөмірлеу ресурсын бөлу туралы бұйрықтың көшірмесі.

25. Көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторына қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау префиксін алу үшін уәкілетті органға әр аймақта оператордың болуын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау мақсатында желілердің қосылуының стандартты нүктесі болып табылатын оператор желісінің транзитті коммутациялық станциялар тізбесін ұсынуы қажет;

2) байланыс операторына (қызмет провайдеріне) қайта енгізілетін немесе бұрын қолданыстағы қызметтерге қол жеткізу кодын пайдаланып, байланыс қызметтерін көрсететін оператордың « $X_1X_2X_3(X_4)$ » кодын алу үшін уәкілетті

органға келесі құжаттарды ұсыну қажет:
қызметтің толық сипаттамасы;
осы қызметті ұйымдастырудың мақсаттылығын негіздеу;
ұсынылатын қызметті көрсету әдісінің нақты сипаттамасы;
шақыруларды тарифтеу және бағыттау жөніндегі ұсыныстар;
Қызметті абоненттеу кезінде байланыс операторымен (қызмет провайдерімен)
) «(X₄)X₅X₆X₇» қызметтер абоненттерінің логикалық нөмірлері тағайындалады.

26. Осы Қағидалардың 23, 24 және 25-тармақтарында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға қағаз және электронды тасығыштарда ұсынылады.

27. Нөмірлеу ресурсын бөлу немесе алып қою үшін өтініш беруші өтінішке қоса берілетін электрондық түрдегі құжаттардың көшірмелерімен бірге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті, «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесі арқылы жібере алады.

28. Өтініш беруші нөмірлеу ресурсын бөлу, сондай-ақ оларды алып қою туралы бұйрықты немесе сұралып отырған нөмірлеу ресурсын бөлуден бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауапты электронды нысанда «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесі арқылы құжаттар берілген күнінен бастап кемінде отыз жұмыс күнінде алады.

29. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 23-25-тармақтарында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау фактісін анықтаған жағдайда, құжаттар берілген күнінен бастап кемінде екі жұмыс күнінде өтініш берушіге өтінішті одан әрі қараудан бас тарту жөніндегі дәлелді жауапты береді.

Сұратылып отырған нөмірлеу ресурсын бөлуге арналған өтінішті одан әрі қараудан бас тарту жөніндегі жауапты өтініш беруші сондай-ақ көрсетілген мерзімде электронды нысанда «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Кейіннен осы Қағидалардың 23-25-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау немесе толық пакетін ұсынбау, нөмірлеу ресурсын бөлуден бас тартуға негіз бола алмайды.

30. Уәкілетті орган сұратылатын нөмірлеу ресурсын бөлуден мынадай негіздердің бірі болған кезде бас тартады:

- 1) бұл аумақтағы нөмірлеу ресурсының шектеулілігі;
- 2) Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сұратылған нөмірлеу ресурсының сәйкес келмеуі;
- 3) өтініш беруші қарауға ұсынған құжаттарда қате немесе бұрмаланған ақпараттың болуы;
- 4) байланыс желісін құру сызбасы мен байланыс қызметін сипаттау

өтінішімен бірге ұсынылған сұратылған нөмірлеу ресурсына нөмірлеу ресурсын пайдалануы болжанатынын көрсету үшін сәйкес келмеуі.

Түсіндірме жазбада көрсетілген мәліметтерді тексеру үшін өтініш берушінің құжаттары байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жолданады. Осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында келтірілген нөмірлеуді бөлуден бас тарту себептерінің тізбесі толық болып табылады.

31. Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес телекоммуникациялар қызметін көрсетуге абонент және байланыс операторы (қызмет провайдері) арасында шарт жасалғанда байланыс операторы (қызмет провайдері) абоненттерге оператор желісінің нөмірлеу жоспарынан абоненттік н ө м і р л е р б е р е д і .

32. Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспары өзгерген жағдайда, уәкілетті орган 30 жұмыс күні ішінде байланыс операторларына және телекоммуникациялар желілерінің иелеріне бөлінген нөмірлеу ресурсының, сондай-ақ нақты алушысы жоқ нөмірлеу ресурсының өзгеруі туралы шешім қабылдайды. Уәкілетті орган байланыс операторларына, қызметтер провайдерлеріне, телекоммуникациялар желілерінің иелеріне бөлінген нөмірлеу ресурсын өзгерту туралы шешімінің қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күнінің ішінде байланыс операторларын, қызметтер провайдерлерін, телекоммуникациялар желілерінің иелерін хабардар етеді.

Бұл ретте байланыс операторлары мен желі иелеріне қолданыстағыға баламалы нөмірлеу ресурсы ұсынылады.

Қазақстан Республикасының желілерін цифрлық станцияларға көшіру шамасына қарай уәкілетті орган шұғыл және анықтамалық-ақпараттық, тапсырыс беру қызметтеріне қатынау үшін бөлінген «1UV» нөмірлерін Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сәйкес «1UV (X₁(X₂))» н ө м і р л е р і н е а у ы с т ы р а д ы .

33. Уәкілетті орган нөмірлеу ресурсын алып қоюды мынадай жағдайларда ж ү з е г е а с ы р а д ы :

1) нөмірлеу ресурсын алушының өтініші бойынша;
2) байланыс операторы (қызмет провайдерінің) лицензиясының қолданысы т о қ т а т ы л а д ы ;

3) байланыс операторы (қызмет провайдері) нөмірлеу ресурсын пайдалануды реттейтін нормативтік құжаттарды бұзғанда;

4) байланыс операторы, қызмет провайдері, ведомстволық телекоммуникациялар желісінің, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желісінің, корпоративтік желінің иесі бөлінген «ABC» кодымен нөмірлеудің географиялық анықталатын аймағындағы жергілікті телекоммуникациялар

желілерінің нөмірлеу ресурсының 50 пайыздан астамын тағайындалған сәттен бастап екі жылдың ішінде пайдаланбағанда (уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру нәтижелері бойынша);

5) нөмірлеу ресурсын алушымен нөмірлеу ресурсын («DEF» кодтары мен «DEF» кодындағы «X1», «X1X2» индекстері; қызметтердің қол жеткізу кодтарын пайдалануымен байланыс қызметтерін ұсынатын $(X_1X_2X_3)/(X_1X_2X_3X_4)$ операторлар кодтары; «1UV (X₁(X₂))» шұғыл жедел, ақпараттық-анықтамалық және тапсырыс беру қызметтеріне қол жеткізу нөмірлері, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының таңдау префикстері) тағайындалған сәттен бастап екі жылдың ішінде 6 айдан астам мерзім бойы пайдаланбағанда (уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру нәтижелері бойынша)

Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитеті

Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш

1. Өтініш беруші (заңды тұлғалар үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты).

2. Ж С Н / Б С Н .

3. Пошталық мекенжайы.

4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).

5. Банктік деректемелер.

6. Байланыс саласындағы уәкілетті орган берген лицензиясының және оның қосымшасының деректемелері (лицензияланатын байланыс қызметтерін көрсеткен жағдайда).

7. Желінің толық және қысқартылған атауы (егер болса).

8. Желіні құруға және пайдалануға жауапты тұлғаның лауазымы, аты-жөні.

9. Сұратылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.

10. Сұратылатын нөмірлеу ресурсын пайдалану болжанып отырған аумақ.

Қоса берілетін құжаттар:

1) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес ресімделген түсіндірме жазба;

- 2) заңды тұлға үшін – жедел іздестіру қызметін жүргізетін органдардан басқа
– Ж а р ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;
- 3) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі.

(өтінішке қол қоюға уәкілетті тұлғаның лауазымы) (лауазымды тұлғаның аты-жөні)

М.О.

Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды
алып қою қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитеті

Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш

1. Өтініш беруші (заңды тұлғалар үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты).

2. Ж С Н / Б С Н .

3. Пошталық мекенжайы.

4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телефон).

5. Алып қоюға ұсынылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.

6. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш берген аумақ.

7. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш беру себебі.

Өтінімге қоса нөмірлеу ресурсын бөлу туралы бұйрықтың көшірмесі ұсынылады.

(өтінішке қол қоюға уәкілетті тұлғаның лауазымы) (лауазымды тұлғаның аты-жөні)

М.О.

Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды
алып қою қағидаларына

3-қосымша

Түсіндірме жазба

1. Желінің атауы мен түрі.

2. Желінің қызмет етуін қамтамасыз ететін әкімшілік-ұйымдастыру қағидаттары (меншік нысаны, иесі, пайдаланылатын кәсіпорындар, кәсіпорын – халықаралық оператор, олардың құқықтық және функционалдық қатынастары).

3. Өтінім беру кезіндегі желінің пайдалануға дайындығы (немесе пайдалануды бастау мерзімі).

4. Желі құрудың қысқаша техникалық қағидаттары:

1) құрылымы, оның ішінде қалааралық (халықаралық, аймакішілік) желілермен өзара іс-қимылын жүзеге асыратын элементтер;

2) қалааралық (халықаралық) желілермен түйісуді техникалық қамтамасыз ету (желіаралық түйісу хаттамалары, тікелей түйісу, байланыс арналарының түрлері және оларды ұйымдастыру тәсілдері).

5. Қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін, IP-телефония қызметтеріне (Интернет-телефония) және байланыстың интеллектуалдық желілер қызметтеріне ұсыну үшін ұйымдастыру-техникалық дайындығы (шет елдердің түйіндесу желілерінің операторларымен, отандық желілермен немесе транзит беру туралы халықаралық транзиттік тораптармен, халықаралық арналар жабдықтаушыларымен келісімдердің болуы, техникалық құралдардың болуы және функционалдық дайындығы).

6. Желінің жұмыс істеу ауқымы:

1) желі топологиясы (Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, басқа да шет елдердің желі қамтитын қалалары мен аймақтарының тізбесі);

2) пайдаланушылардың, оның ішінде қалааралық (халықаралық) байланыс қызметтерімен пайдаланылатындардың саны;

3) тікелей түйіндесу жүргізілетін шетел желілері мен транзиттік тораптарының тізбесі;

4) пайдаланушыларға, тапсырыс берілген желімен тікелей түйіндесуі жоқ шетел желілерінің абоненттеріне шығуды ұсыну мүмкіндігі;

5) қалааралық (халықаралық) трафик (кіріс, шығыс);

6) қызметтердің құрамы.

7. Желінің нөмірлеу жоспарын құру қағидаттары.

8. Қызметтердің сипаты.

Ескертпе:

1) 4, 5-тармақтар бойынша мәліметтер өтініш беру кезіндегі жағдай бойынша жазылады және желіні дамыту жоспары бойынша деректер келтіріледі;

2) 5-тармақ нөмірлеу аймағының «DEF» кодтарын, «DEFX₁» және «DEF X₁X

2» кодтарын, қызметтерге қолжетімділік кодтарындағы « $X_1X_2X_3(X_4)$ » байланыс операторларының (қызметтер провайдерлерінің) кодтарын сұрататын операторлар үшін ғана; оператордың таңдау префиксін сұрататын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары үшін ғана қолданылады;

3) 6-тармақтың 3)-5) тармақшалары нөмірлеу аймағының «DEF» кодтарын, «DEF X_1 » және «DEF X_1X_2 » кодтарын сұрататын операторлар үшін ғана жарамды ;

4) егер бұрын лицензия алуға ұсынылған түсіндірме жазба өзгертілсе, 7-тармақ бойынша жана нөмірлеу жоспары қосымша беріледі.